

бойынша бірнеше іс бар екенін белгілеп, егер мұндай біріктіруді дұрыс деп тапса, бұл істерді біріктіріп қарау үшін бір іске біріктіруге құқылы.

Мысалы, жүктің бүлінуі немесе жойылуы үшін тасымалдаушының немесе жіберушінің жауапкершілігі туралы істерде сот бірлескен жауапкерлерді іске қатысуға тартуға құқылы, қызметкерлердің жалақыны өндіру туралы жұмыс берушіге қойған талаптарын бір іске біріктіруге құқылы.

Бірге қатысушылардың процессуалдық жағдайы мынадай: олардың әрқайсысы тараптың (талапкердің не жауапкердің) барлық құқықтарын иелене отырып және барлық міндеттерін атқара отырып, екінші тарапқа қатысты іс жүргізуде дербес болады (АІЖК-нің 50-бабы). Сонымен қатар тараптар іс жүргізуді тең талап қоюшылардың немесе тең жауапкерлердің біреуіне тапсыра алады. Бұндай тапсырма сотта өкілдік ету туралы нормаларға сәйкес ресімделеді.

Бірлескен талапкерді немесе бірлескен жауапкерді тартқаннан кейін істі сотта қарауға дайындау мен сотта қарау басынан бастап жүргізіледі.

Бірлескен талап қоюшылардың бірінің талаптан бас тартуы басқа талап қоюшылардың бас тартуын білдірмейді, ал талапты бірлескен жауапкерлердің бірінің мойындауы тек осы жауапкерге ғана қатысты болады. Бірлескен талапкерлер мен бірлескен жауапкерлердің барлығы бірдей құқықтарды иеленіп, бірдей міндеттерді атқарады.

1. Н.М.Коршунов, Ю.Л.Мареев. Гражданский процесс//Учебник для вузов. «Норма», М.,2004ж.

2. Шакарян М.С. Субъекты гражданско-процессуального права. М.,1970ж.

3. Полянский Н.Н., Строгович М.С., Савицкий В.М., Мельников А.А. Проблемы судебного права. М.,1983ж.

4. 13.07.1999ж. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі. А., «Юрист»,2010ж.

\*\*\*

In article theoretical problems of remedial partnership in civil process are mentioned.

\*\*\*

В данной статье затрагиваются теоретические проблемы процессуального соучастия в гражданском процессе.

*Р.М. Бердекова, С.Б. Бекжігітова, Н.М. Салыбек*

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі кезде әлемдік қаржы дағдарысының Қазақстан экономикасына тигізе бастаған әсері халықтың әлеуметтік әл-ауқаты мәселесін, соған орай оның жұмыспен қамтылуын бірінші кезекке шығарып отыр. Қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуына, оның жылдамырақ өсуіне, өркендеуіне интенсивтік, ғылыми –техникалық жолмен және басқа да барлық мүмкіншілікті тиімді пайдалануға басты ықпал тигізетін мәселенің бірі еңбек нарығын қалыптастыру және оны дамытуды жүзеге асыру болып табылады.

Еңбек нарығын мемлекеттік реттеу қазіргі Қазақстан жағдайында өте маңызды деп айтуға болады Сондықтан да мемлекет алдында еңбек нарығын одан әрі дамытуда қыруар маңызды шараларды атқару кезегі күтіп тұр. Экономикалық артықшылықтардың қоғамдық қайта құру процесінде әлеуметтік артықшылықтан басым түсуі, сондай-ақ елдегі ресурстардың шектеулілігі халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне жағдай жасады. Қазақстан еңбек нарығы енді қалыптасып келеді, сондай-ақ онда көптеген компоненттер жоқ. Ол өзіне жұмыс күші қозғалысын бақылау қызметін жіктейді. Халықты жұмыспен қамтуды өсірудің жаңа мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Мемлекеттік саясаттың бір тармағы еңбек нарығында туындайтын түрлі әлеуметтік–экономикалық, моральды–психологиялық және құқықтық қатынастарға араласып, еңбек нарығын өз деңгейін мемлекет тұрғысынан реттеп отырады.

Еңбек нарығын реттеу көптеген мәселелермен қатар шешілуі тиіс. Атап айтқанда, толық жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, жұмыссыздықты азайту, жұмыс беруші арасындағы,

кәсіподақ арасындағы, мемлекет пен жұмыс беруші арасындағы, еңбек қатынастарын реттеу, еңбек нормаларын реттеу және т.б.

Еңбек нарығын басқару, бір жағынан, маңызды мәселе – еңбек құқығын жүзеге асыруда мақсатты бағытталған болса, екінші жағынан, өсіңкілік дамитын әлеуметтік – еңбек қатынастары жүйесін қамтамасыз етуде кешенді бағытталған болуы тиіс.

Еңбек нарығы нарықтың қатаң талаптарына сай басқа өндіріс факторлары сияқты оның жүйелеріне бағынады. Атап айтқанда, құн заңы, ұсыныс пен сұраныс заңы, бәсеке және т.б. Кез-келген елдің еңбек нарығы басқа да нарықтық жүйелер сияқты әлемдік экономикалық жүйе динамикасы мен әлемдік жұмыс күші ресурстарының қалыптасуына тәуелділігімен ерекшеленеді, екіншіден, еңбек нарығында ерекше өзін-өзі ұйымдастыру заңдары бар. Нәтижесінде, экономикалық, әлеуметтік жағдайдың жақсаруына, жұмыс күшінің потенциалды мүмкіндіктерін жүзеге асыруына болады Сол сияқты Қазақстанда да басты мәселе шаруашылық жүргізудің нарықтық әдістерін жедел енгізіп қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру болады. Қазіргі кезде Қазақстанның экономикасы әлі де болса күрделі өтпелі кезенді бастан кешіруде, бұл сөзсіз еңбек нарығына кері әсерін тигізуде. Жұмыссыздық проблемасы, дер кезінде еңбекақыны төлеу және тағы басқалар өте шиеленіскен жағдайда болып отыр. Сондықтан да еңбек нарығы жөніндегі мемлекеттік саясатты одан әрі жетілдіруді қажет етеді.

Жұмыспен қамтамасыз ету адам потенциалын сақтау мен дамытудың негізгі факторлары болып табылады. Сондықтан мемлекеттің жұмыспен қамту сферасындағы саясатын жүзеге асыру өте күрделі мәселе. Еңбек ресурстарын жұмыспен тиімді және нәтижелі қамту. Еңбекке жарамды адамдарды жұмыспен қамтамасыз ету. Аса күрделі әрі мемлекеттік маңызды мәселе. Себебі алға қойған саяси – экономикалық және әлеуметтік қатынас негізінен туындаған оның ерекшеліктерін бейнелейтін белгісі. Жұмыспен тиімді қамту әрбір елдің даму кезеңдерінің деңгейіне сай жұмысқа жарамды адамдарды үнемді және нәтижелі пайдаланып, оларды шаруашылық салалары және аймақ бойынша бөлудің тепе-теңдік үйлесімділігіне жету.

Нарықтық экономика жағдайында күрделі мәселелердің бірі еңбек нарығын қалыптастыру болып табылады. Еңбек нарығы нарықтық қарым қатынастар жүйесінде аса маңызды орын алады. Бұл жерде еңбекке қабілеті бар халықтың және жұмыс берушінің мүдделері анықталады. Конституцияның 24-бабына сәйк. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі. «Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітудің сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар» [1].

Еңбек нарығы жұмыскерді өндіріс құралдарынан, ең бастысы жерден айыру кезінде пайда болды. Алайда ол заң түрінде еркін болғанымен, өндіріс құралдарынсыз өмір сүруге қаражатсыз қалды. Осылайша, нарыққа жаңа атау берген жаңа тауар пайда болды.

«Жаңа онжылдық жаңа экономикалық өрлеу Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» деп аталған жолдауды еліміздің өткен мерзімдегі жеткен жетістіктерін қорытындылау және алдағы міндеттерді белгілеу бағытында «қолданған маңызды құжат деп білеміз. Мемлекеттік әлеуметтік саясатындағы басты басымдық халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан 2020 жылға қарай жұмыссыздық деңгейі 5%-дан, ал табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 8%-дан асырмау туралы міндет қойылған.

Еңбек құқығы – бұл жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы тараптардың еңбек қызметін іске асыруы бойынша жеке және ұжымдық шарттардың негізінде, азаматтардың Конституциялық құқықтарын жүзеге асыру үдерісінде пайда болатын еңбек қатынастарын реттеп отыратын құқық саласы. Еңбек – бұл тауар өндіру, қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын, адамдардың дене күші мен ойлау қабілеттерін және сол қабілеттерді іске асыратын үдерісті білдіретін термин [2].

Алайда жаңа тауар және жаңа нарық атауы бойынша зерттеушілер арасында келіспеушілік орын алды. Ғаламат ағылшын экономистері, саяси экономиканың классиктері

А. Смит және Д. Рикардо қарастырып отырған нарықта тауар еңбек, «еңбек өзінің табиғи және нарықтық бағасына ие» деп санады. Осындай пікірді қазіргі уақытта экономикалық неокласикалық өкілдері ұстануда.

XIX ғасырда атақты неміс экономисі, философ және әлеуметтанушы К. Маркс «Капитал» еңбегінде нағыз тауар еңбек емес, жұмыс күші, еңбекке қабілеттілік болып табылатынын көрсетті. Осыдан кейбір экономистер еңбек нарығы деп атаса, К.Маркс ілімін жақтаушылар жұмыс күшінің нарығы деп атады. Кеңестік экономикалық әдебиеттерде соңғы терминді көпшілік қабылдаған болатын [3].

Отандық экономикалық әдебиетте түбегейлі экономикалық реформалар кезінде аталған нарықты қалай дұрыс айтуға болады деген сұрақ бойынша пікірталас қайта басталды. «Еңбек нарығы» немесе «еңбек күшінің нарығы» Онда қандай тауар сатылады? Сонымен бірге экономикалық әдебиеттерде «еңбек ресурстарының нарығы» және «еңбек қызметінің нарығы» деген терминдер пайда болды. Көп жағдайда аталған барлық терминдер синоним ретінде қолданылады. Сонымен бірге олардың әрқайсысының әртүрлі экономикалық мағына беретінін аңғару қиын емес еді. Олардың негізінде жатқан «еңбек күші, еңбек», «еңбектік қызмет», «еңбек ресурстары» терминдері тең емес. Сонымен, жұмыс күші - бұл еңбекке деген қабілеттілік; еңбек - адамның қажеттілігін қанағаттандыратын, табиғат затын өнімге айналдыруға бағытталған мақсатты қызмет. Еңбектік қызмет - бұл термин «еңбек» терминіне жақын, алайда қызметтің бұл түрі қажеттілікті жүзеге асыру барысында қолданылатынын көрсетеді, яғни игілікті заттай түрде емес, қызмет түрінде, мысалы: оқу, ем алу, көлік, тұрмыстық қызмет көрсету және т.б. түрінде көрінеді. Еңбек ресурстары –бұл еңбекті жүзеге асыру үшін дене күші және рухани қабілеттерге ие болатын халықтың бір бөлігі. Біздің елде еңбек заңына байланысты ерлер 16-63 жас аралығында, әйелдер 16-58 жас аралығында еңбекке қабілетті болып табылады. Шын мәнінде, оған жұмыс істеп жүрген зейнеткерлер мен жасөспірімдер (16 жасқа дейінгі) де кіреді.

Егер сату-сатып алу нысаны болып табылатын тауарды анығырақ бөліп алсақ, аталған проблеманы бөліп алсақ, аталған проблеманы дұрыс шешуге болады. Қазір отандық экономикалық әдебиетте екі көзқарас басым. Біріншісі тауар шығаруға әлеуетті еңбекке қабілеттілер – жұмыскер күші десе, екіншісі тауар деп еңбекті санайды. Бірақ оның жақтастары еңбекті мақсатты қызмет үдерісінде тауар ретінде қарастыру қиын екенін түсіне отырып, тауар ретінде «әлеуетті еңбекті» санайды [4].

Қазіргі кезде адам көптеген қабілеттерге ие бола отырып, еңбек үдерісінде олардың барлығын қолдана бермейді. Еңбек нарығы, біріншіден, еңбек күшіне сұранысымен, екіншіден, адам қабілеттерінің бір бөлігін қолданумен, үшіншіден, жұмыс күшін қолдану уақытымен, төртіншіден, жаңа пайда болған құнды қайта бөлумен байланысты әлеуметтік еңбектің қатынастарын көрсетеді. Тек осы жағдайда ғана еңбек нарығы, еңбек ресурстарының нарығы, еңбек қызметтерінің нарығы, жұмыскер күшінің нарығы терминдерін синоним өзара тең ұғымдар ретінде пайдалануға болады. Сонымен бірге «еңбек нарығы» термині әлемдік экономикалық әдебиеттерде кең қолданылып жүргенін атап өту керек.

Егер нақтырақ айтар болсақ, онда «еңбек нарығы» ұғымы жұмыс күшін пайдалану құқығын белгілі бір уақытқа жұмыс берушіге берумен, еңбекақы көлемін, жұмыс күнінің ұзақтығын, еңбек жағдайын, төленетін демалыс ұзақтығын, ауру немесе мүгедектік алу жағдайында өтелім көлемін анықтаумен, өндірісті белгілі бір уақытқа тоқтатумен байланысты әлеуметтік еңбектің қатынастарын көрсетеді.

Нарықтық қатынастар жүйесінде еңбек ресурстары маңызды орынға ие. Бұл нарықта мемлекеттік ұйым және жеке ұйымдардағы жұмыс берушілер мен еңбекке қабілетті тұрғындардың мүдделері түйіседі. Еңбек нарығының тетіктері арқылы тұрғындардың жұмысбастылық деңгейі мен еңбекақысы анықталады. Тұрғындардың жұмысбастылығы, оның ұлғайымы өндірістің қажетті жағдайын қалыптастырады.

Тұрғындардың өмір сүру деңгейі, мамандарды іріктеу, дайындау және қайта дайындау, оларды жұмысқа орналастыру мен материалдық көмекке кететін қоғам шығындардың барлығы тұрғындардың жұмысбастылығымен тығыз байланысты. Сондықтан тұрғындардың

жұмысбастылығы және оларды әлеуметтік қорғау, еңбек нарығын талдау кезінде негізгі мәселе борлып табылады.

Еңбек нарығы – бұл жұмыс күшін, адамның еңбек ету қабілетін тауар түрінде сатуға және сатып алуға байланысты болатын экономикалық қатынастар жүйесі. Еңбек нарығы жоғары мамандықты талап ететін еңбектің беделінің сөзсіз көтерілуіне әсер етеді. Осының арқасында әрбір жұмыс орнының бағасы артады. Жұмыскерлерге және олардың еңбегіне, сапасына деген талап күшейеді. Еңбек нарығына барынша қабілетті және іскер жұмыскерлерді ынталандыру аса маңызды орын алады. Ол жалқауларды, әлсіздерді және еңбек етуге қабілетсіздерді аямайды. Еңбек нарығы жұмыс күшін толық бағалауды қамтамасыз етеді. Оның күшті дамуына себепші болады, іскерлік пен белсенділікке ынталандырады.

Экономикада үнемі тұрақты экономикалық өсім бола бермейді. Кейде экономикалық тұрақсыздық, яғни жұмыссыздық, инфляция, өндіріс деңгейінің төмендеуі, бағаның өсуі орын алады. Еңбек нарығында жұмыссыздық айқын білінеді.

Жұмыссыздық – қоғамдағы аса ауыр экономикалық және әлеуметтік қайшылық. Егер жұмыс күшінің ұсынысы сұраныстан көп болса, онда жұмыссыздық көбейеді дегенді білдіреді. Жұмыссыздық нарықтық экономикаға тән құбылыс болып табылады. Бірақ оның әр елдің ішкі жағдайына байланысты белгілі бір шамасы болады. Егер жұмыссыздар саны сол шамадан асып кетсе, онда ол нарықтық экономикаға зардабын тигізеді, ал қажетті деңгейде тұрса онда экономиканың тиімді дамуына қолайлы жағдай жасайды.

Нарықтық экономика сөзсіз жұмыссыздыққа алып келеді. Себебі нарықтық экономикаға жұмысқа қабілеті бар қызметкерлер ғана қажет.

Халықты жұмыспен қамту өте өткір проблеманың бірі болып отыр. Оның түп негізі елімізде жаңа жұмыс орындарын құрудың экономикалық және құқықтық тетіктері әлі толыққанды жазылып, жасалмағанында жатыр. Өйткені жұмыспен қамту туралы заң өкіметті қанағаттандырмайды. Сондықтан жаңа заң қабылдау күн тәртібінде тұруы тиіс.

Қазақстанда еңбек нарығы енді қалыптасып келеді, сондықтан онда көптеген құрамдас жоқ. Ол өзіне жұмыс күшінің қозғалысын бақылау қызметін жүктейді. Халықты жұмыспен қамтуды өсірудің жаңа мүмкіндіктерін қарастыру қажет [5].

Дамыған елдерде соңғы 20-25 жыл ішінде жұмыссыздық деңгейі айтарлықтай өсіп отыр (8-12%), бұл өз кезегінде біліктілігі жоқ жұмысшылардың жұмысқа орналасу мүмкіндігін төмендетеді, нәтижесінде біліктілігі жоқ мамандар арасындағы төлемақының көлемі төмендейді.

Көптеген дамушы және дамыған елдерде жасалған тәжірибе кейнсиандық теорияның нәтижесін мойындатады, яғни бұл теория капитализм тұсында толық жұмыспен қамтуға кепілдік беретін тетіктің жоқ екенін дәлелдейді. Бірақ жұмыс орнының аса көп болуына ұмтылу кез келген елдің жұмысбастылықты реттеудегі негізгі саясаты болып табылады. Мысалы, Швеция үкіметі жұмыссыздық мәселесін шешу үшін басым секторларды несиелендіру туралы белсенді өнеркәсіптік саясатты жүргізеді. Ал Корей Республикасының, Гонконг және Тайваньның тәжірибелері үздіксіз өсу нәтижесінде жұмысбастылықты (2-6%-ға) арттыруға, жылына жұмыссыздықты (2-5%-ға) төмендетуге, еңбек өнімділігін арттыру мен еңбекақыны өсіруге болатындығын көрсетеді. Мұндай өсу шағын шаруашылық өнеркәсібіне негізделіп, ол экспортқа бағытталады.

Әміршілік-әкімшілік кезеңде, нарықтық реформаларға дейін Қазақстанда жапондық жұмысбастылық міндеттеліп, қоғамдық өндіріс саласында заңмен қамтамасыз етілген еді. Еңбекке деген сұраныс аймақтың экономикалық және әлеуметтік-демографиялық даму ерекшеліктерін ескермей іске асырылады. Мұндай саясаттың нәтижесі төмен еңбек өнімділігімен, еңбек әлеуетін тиімсіз пайдаланумен, жұмысбастылықтың ұтымды емес құрылымымен, бос жұмыс орны бола тұрып жоғары білікті мамандардың тапшылығымен сипатталады.

Қазақстанның экономикасын қайта құру кезінде бірнеше күрделі мәселелерді шешу керек екендігі байқалды. Ол негізінен халықтың өмір сүруінің төмен деңгейі негізіндегі жоғары еңбек белсенділігімен және еңбек тиімділігімен, кадрлардың аумақтық, салалық

икемділігінің жеткіліксіздігінен, нарықтық экономикаға сай бола бермейтін мамандарды даярлау мен қайта даярлаудың нашарлығымен, еңбек нарығы бойынша инфрақұрылымның дамымағандығымен байланысты болып отыр [7].

Республикадағы еңбек нарығында соңғы жылдары белең алып келе жатқан күрделі мәселе ресми емес жұмысбастылық, яғни заңды түрде ресімделмеген қатынастар болып отыр. Ресми емес жұмысбастылық әлеуметтік амортизатор рөлін атқарып халықтың өмір сүру деңгейін төмен көрсетуге себеп болып отыр. Сонымен қатар ол әлеуметтік және құқықтық қорғау шеңберін кеңейтіп, қылмыстық құбылыстардың орын алуына жағдай жасап отыр. Сонымен қатар ол әлеуметтік және құқықтық қорғау шеңберін кеңейтіп, қылмыстық құбылыстардың орын алуына жағдай жасап отыр. Осыған байланысты қарсылық және құқықтық саясат көптеген кәсіпорындардың екі жақты бухгалтерия наразылық танытады. Алайда жағдайдың күрделене түсуі нәтижесінде жалпы еңбек қатынастарының жүйесі еңбек туралы заңға бағынбайды және өзіндік жеке мөлшерлермен реттеледі, ол көп жағдайда қылмысты жағдайлармен сипатталады. Бұл жұмыстың жағдайын айтарлықтай нашарлатып, еңбек нарығын қылмыстық топтардың басқаруына жол ашып беріп отыр. Бұл жағдай көптеген өндірістердің уақытша тоқтап, ондағы жұмыскерлердің мәжбүрлі түрде демалысқа шығуымен және еңбекпен қамтамасыз етілмегендігімен байланысты елде мәжбүрлі миграцияны тудырып отыр. Осылайша, жұмыс күшін біртіндеп босату, артық жұмыс орындарын сақтау, оның екінші реті, бейресми түрлерін азайту Қазақстандағы еңбек нарығының қалыптасу үлгісін сипаттайды. Ол экономика және қоғамның реакциясы ретінде өтпелі кезеңдегі әлеуметтік және экономикалық тиімділік арасындағы байланысты тұрақтандыратын, экономиканың қайта құрылуы мен адам әлеуетін сақтаудың қажеттілігін қамтамасыз ететін институттардың жоқтығымен сипатталады [8].

Жұмыспен қамтамасыз ету адам әлеуетін сақтау мен дамытудың негізгі факторлары болып табылады. Сондықтан мемлекеттің жұмыспен қамту саласындағы саясатын өңдеу мен жүзеге асыру- әсіресе өтпелі кезең тұсында өте маңызды әрі күрделі мәселе. Осыған орай, жалпы ұлттық көлемде бос жұмыс орындарын және олар жайлы ақпараттық жүйені, жұмыс күшін қайта даярлауды, сонымен бірге жаңа жұмыс орындарын құру қызметіне салықтың төмен болуын өмірдің өзі талап етіп отыр. Еңбек нарығының қажеттілігіне сай кәсіпорындық құрылымдардағы басқару және қаржыландыру жүйені жақсарту болып табылады.

«Тұрғындардың жұмысбастылығы дегеніміз – азаматтардың ҚР Конституциясына, заңдары мен өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне қайшы келмейтін жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты және оларға табыс немесе кіріс әкелетін қызметі» деп ҚР «Жұмыспен қамту туралы» Заңында атап көрсетілген [11].

Жұмысбастылық саясаты мәселесінен бұрын жұмысбастылықты әлеуметтік және экономикалық тұрғыдағы мәнін анықтап алу керек.

Экономикалық тұрғыдан жұмысбастылық – тұрғындардың қоғамдық өнімді немесе ұлттық табысты өндірудегі қызметі, ал қоғамдық өндірісте – жұмыс істеуге жарамды немесе ынталы адамдарға жұмыс тауып беру жаппай жұмысбастылыққа алып келді.

Әлеуметтік тұрғыдан жұмысбастылықтың мынадай түрлері бар: жалпы білім беретін және арнайы оқу орындарында оқу, әскер қатарындағы қызметі, үй шаруашылығы, балаларды тәрбиелеу, қарттар мен ауруларды бағып күту, қоғамдық ұйымдардың жұмысына қатысу.

Қоғамның дамуы тұрғысынан алғанда қоғамдық өндірістегі жұмысбастылықтың оның негізі болып табылады. Ол қоғамның экономикалық әлеуетімен қатар, тұтастай тұрғындардың өмір сүру сапасы мен деңгейін және жеке азаматтардың тұрмысын сипаттайды.

Еңбек нарығының негізгі мақсаты – еңбек ресурстарын жұмыспен тиімді және нәтижелі қамту. Еңбекке жарамды адамдарды жұмыспен қамтамасыз ету- аса күрделі әрі мемлекеттік маңызды мәселе. Себебі алға қойған саяси – экономикалық және әлеуметтік қатынас негізінен туындаған оның ерекшеліктерін бейнелейтін белгісі. Жұмыспен тиімді қамту әрбір елдің даму кезеңдерінің деңгейіне сай жұмысқа жарамды адамдарды үнемді және нәтижелі

пайдаланып, оларды шаруашылық салалары және аймақ бойынша бөлудің тепе-теңдік үйлесімділігіне жету.

Қазақстанның экономикасы әлі де болса аса күрделі өтпелі кезеңді бастан кешіруде, бұл сөзсіз еңбек нарығына кері әсерін тигізуде. Жұмыссыздық проблемасы, дер кезінде, еңбекақы төлеу және тағы басқалар өте шиеленіскен жағдайда болып отыр. Міне, сондықтан да еңбек нарығы жөніндегі мемлекеттік саясатты одан әрі жетілдірудің маңызы зор [12].

Еңбек нарығы нарықтық қатынастарға қатысушы жақтар немесе нарық субъектілері; нарық субъектілерінің қатынастарын реттейтін құқықтық актлер; нарық конъюнктурасы; халықты жұмыспен қамту қызметі; еңбек нарығы инфрақұрылымы; өндірістен босатылған, жаңа орынға ауыстырылған жұмысшыларға арналған әлеуметтік төлемдер мен кепілдіктер жүйесі; жұмыспен қамтуды қамтамасыз етудің альтернативтік уақытша формалары сияқты элементтерден тұрады.

Енді еңбек нарығының негізгі элементтерінің бірі ретінде жұмыспен қамтудың теориялық негіздерін қарастырып көрейік. Жұмыспен қамту - бұл халықтың еңбекке кірісу мөлшерін, жұмысшы мен оның жеке мұқтаждықтарының қанағаттандырылу дәрежесін, ақы төленетін жұмыс орындарындағы табыс табуға мүдделілігін көрсететін еңбек қызметіне қатысуы жөніндегі қатынастар жиынтығы [13].

Сонымен, жұмыспен қамту жөнінде Д. Кейнс жасаған экономикалық теория нарықтық экономикада толық жұмыспен қамтуға кепілдік беретін, еңбек нарығының өзін-өзі реттейтін механизмнің болмауы, тауардың сұранысы мен ұсынысының тепе-теңдігіне инфляция мен жаппай жұмыссыздықтың айтарлықтай жоғары деңгейінде де қол жеткізу, мемлекет жұмыспен қамтуды қолдау, процент нормасын реттеуге ықпалын күшейту мақсатында экономикаға қажет инвестицияны жұмсау, жиынтық сұранысты, оның ішінде жұмыс күшіне сұранысты ынталандыру арқылы белсенді макроэкономикалық саясат өткізу сынды қағидаларға сүйенеді.

Халықты тиімді жұмыспен қамту мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болуы тиіс. Еңбек нарығы- күрделі құрылым. Дамыған елдердің қайсыбірін алсақ та, еңбек нарығында мемлекеттік реттеу саясатын жүргізудің бай тәжірибесі қалыптасқан. Мемлекет экономикасының тұрақты да, қалыпты дамуында еңбек нарығының орны ерекше.

Президент өз Жолдауында «жұмысынан айырылғандар үшін жаңа жұмыс орындарын құратын боламыз», - деді. Қазіргі таңда ауыл ауыл шаруашылығы біртіндеп дамып келе жатқанымен де, бұл, негізінен, мемлекеттің қолдауымен жүзеге асырылатыны белгілі. Сондықтан да:

- ауыл шаруашылығындағы тауар өндірушілеріне жеңілдіктермен несие беру, егін егу және ору науқаны кезінде түрлі көмектер көрсету;

- кадрларды дайындау жұмыстарын жандандыру арқылы жұмыстан ұзақ уақыт бойына қол үзіп қалғандарға қол ұшын созу;

- кедейшілікке қарап күресті күшейте отырып, тұрғындардың әлеуметтік жағдайларын жақсартуға мемлекет тарапынан көңіл бөлу.

Сонымен, мемлекет жоғарыда аталған іс-шараларды атқарған жағдайлар ғана еңбек нарығының одан әрі дамуына жағдай жасайды.

Еңбек нарығын реттеудің тетіктерін жетілдіру төмендегідей бағыттарда жүргізілуі тиіс:

- мемлекеттік жұмыспен қамту қызметін жандандыру, тұрғындарды жұмыспен қамтудың мемлекеттік бағдарламасын, қоғамдық жұмыстар бағдарламасын жасауға айрықша назар аудару;

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында қосымша жұмыс орындарын жасауда салық жеңілдіктерін беру;

- әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеуге бағытталған еңбек заңдарының тұрақты негізін құру;

- әлеуметтік әріптестік институтын дамыту, әлеуметтік әріптестік жүйесінің тұжырымдық, әдістемелік, теориялық және тәжірибелік негіздерін жасау;

- жұмыссыздарды әлеуметтік қорғаудың белсенді шараларының тиімділігі анықталып, жүзеге асырылуы қажет.

Мемлекеттік әлеуметтік саясатындағы басты басымдық халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан 2020 жылға қарай жұмыссыздық деңгейі 5%-дан, ал табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 8%-дан асырмау туралы міндет қойылған.

Жаңа онжылдықта да Қазақстанның жаңа экономикалық өрлеу үшін мүмкіндіктері зор екеніне сенімдіміз.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж. өзг. толық. 7.10.1998 ж, 21.05.2007 ж.
2. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Алматы, 15.05.2007 ж.
3. Қазақстан Республикасы Заңы. Халықты жұмыспен қамту туралы 2001 ж. 23 қаңтары // ҚР Парламентінің жаршысы. -2001.- №3.
4. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері», 29 қаңтар, 2010 ж.
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (жалпы бөлім), 2004 ж
6. Ниязбекова Р.К., Рахметов Б.А., Байнеева П.Т. Кәсіпорын экономикасы: Оқу құралы.- Алматы: Экономика, 2008 ж.- 288-309 с.
7. Бердалиев К.Б. Қазақстан экономикасын басқару негіздері. Алматы, 1997ж
8. Мейірбеков А.К., Әлімбетов Қ.Ә. Қазақстандағы еңбек нарығы және оның жұмыс істеуі «Кәсіпорын экономикасы» оқу құралы.- Алматы, 2003.- 147 б.
9. «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2003.-464 б.»
10. Сабден О. «Экономика» таңдамалы еңбектер, 1том-Инновациялық экономика.-Алматы, 2009.- 22б.
11. Человеческое развитие в Казахстане: материалы для учебного пособия Алматы: Экономика, 2002. с 247
12. Джумамбаев С.К. Рынок труда в казахстанской экономике.- Алматы: Ғылым, 2000.- 138 с.
13. Берешов С. Бедность населения и безработица: проблемы взаимосвязи. Труд в Казахстане: проблемы, факты, комментарии.- 2006.- №3.- С. 4-11.
14. Қазақстандағы кедейшіліктің себептері мен оларды шешу жолдары Қазақстандағы БҰҰ ДБ басылымдар сериясы. Алматы, 2004.- 140 б.
15. Есқараев Ә.Қ ҚР нарығын мемлекеттік реттеу. Алматы 2007 ж- 45 б.
16. Уваров В.Н ҚР Еңбек құқығы Алматы, ҚазГЗУ 2002 ж- 89б.
17. Жүнісов Б., Мәмбетов Ұ, Ұ Айжомартов Нарықтық экономика негіздері.
18. Иляшова Г.К Саясат журналы, Жұмысбастылық-әлеуметтік нарықтық экономикада халықтың әлауқатын арттырудың жетекші факторы. 02.02. 2009 ж- 53 б.
19. Құқықтық Қазақстан журналы 7 сәуір, 2010 жыл, №10.
20. Ахметов А., Ахметова Г. «Еңбек құқығы» Алматы, 2006 ж- 73 б.
21. Жампейісов Д.Ә, «Еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы» Оқу құралы «Жұмыспен қамту мен жұмысқа орналастырудың құқықтық реттеуі».- Астана: , Фалиант 2007 ж- 14б.
22. Әкімбекова Ш. «Қазақстандағы еңбек нарығының қалыптасу ерекшеліктері» Жаршы, 2005 ж.- №5 4 б.
23. Егембердиева З. «Қазіргі таңдағы еңбек нарығының ахуалы», Қазақстанның ғылыми ахуалы, 2009 жыл №3, 157 б.

\*\*\*

In a scientific article, the author describes current stages of development of labor market trends as well as the legal problems of the labor market in Kazakhstan.

\*\*\*

В научной статье авторов рассматриваются современные этапы развития рынка труда и тенденции а также правовые проблемы рынка труда в Республике Казахстан.

### *Э. Токсейтова*

## **ГАРАНТИЙНЫЕ ВЫПЛАТЫ И ДОПЛАТЫ ПО ТРУДОВОМУ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Современные социально-экономические условия в нашей стране, обусловленные переходом от централизованной к рыночной экономике, признанием многообразия форм собственности, развитием самостоятельности предприятий, требуют создания эффективного правового механизма регулирования условий труда. Его основной задачей должно быть, позволить достаточно полное обеспечение защиты интересов работников, решение